

Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ,
химия салаларындағы әлеуметтік әріптестік
пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын
реттеу жөніндегі салалық комиссияның
2021 жылғы «03» желтоқсан
№ 4-2021 хаттамасымен бекітілді

**2020 – 2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ,
мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларындағы салалық келісімге
№ 4 қосымша келісім**

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінде
2021 жылғы «20» желтоқсан
№ 1182 тіркелген
Бердусов Б. Бек

Нұр-Сұлтан қ., 2021 жыл

**2020–2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ,
мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларындағы салалық келісімге
№ 4 қосымша келісім**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы «03» желтоқсан

Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия отырысының 2021 жылғы «03» желтоқсандағы № 4-2021 хаттамасына, 2020–2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларындағы салалық келісімнің (бұдан әрі – Салалық келісім) 1.5-тармағына сәйкес,

- мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларының жұмыс берушілері атынан олардың өкілетті өкілі: «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі және салалық ұйымдар (бұдан әрі – Жұмыс беруші);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларының жұмыскерлері атынан, олардың өкілетті өкілдері: «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ және «Химия, мұнай-химия және өндірістің туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподақтар) жұмыскерлері Салалық келісімге осы № 4 қосымша келісім жасасты және Салалық келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.3-тармағы мынадай редакцияда 15) тармақшамен толықтырылсын:

«15) ұжымдық шартта айқындалған қосылу тәртібі мен талаптары бойынша Ұжымдық шарт олардың атынан жасалған ұйымның қызметкерлеріне және оған қосылған қызметкерлерге ұжымдық шарттың қолданылуын таратуға жәрдемдеседі.».

2. Осы Қосымша келісімде қозғалмаған Салалық келісімнің барлық шарттары өзгеріссіз қалады және әлеуметтік әріптестік тараптары олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

3. Осы қосымша келісім Салалық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және мемлекеттік және орыс тілдерінде заңды күші бірдей 6 данада жасалды. Сала ұйымдарында Жұмыс берушілер мен Кәсіподақтар осы қосымша келісімді қол қойылған күнінен бастап бір ай ішінде жұмыскерлердің назарына жеткізуді бірлесіп қамтамасыз етеді.

4. Осы қосымша келісім Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2022 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін қолданылады.

5. Әлеуметтік әріптестік тараптарының қолдары:

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ:

«Қазақстан мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі
Төраға


 С. Кәлиев

«Химия, мұнай-химия және өнеркәсіптің
туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық
кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі
Төраға


 К. Пірімқұлов

«Қазақстан мұнай-газ салалық
кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі
Төраға


 Е. Мұстафина

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨКІЛІ:

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ
және энергетика кешені ұйымдарының
қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі
Бас директор


 К. Ибрашев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ:

Қазақстан Республикасының
Энергетика вице-министрі


 Ә. Мағауов